

## **Қаратоғай ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 11 желтоқсандағы № 1 "Қаратоғай ауылының көшелеріне атау беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Қаратоғай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 19 қарашадағы № 1 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Мәртөк аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 11 желтоқсанда № 3-8-203 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына сәйкес, Қаратоғай ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қаратоғай ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 11 желтоқсандағы № 1 "Қаратоғай ауылының көшелеріне атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-8-64 тіркелген, 2009 жылғы 14 қаңтардағы "Мәртөк тынысы" аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

шешімнің кіріспесі келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Қаратоғай ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қаратоғай ауылдық округінің әкімі*

*К. Серикжанов*